

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең үшін қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша басшылыққа хат

202 Al-Farabi Avenue
Almaty, A15E2X0
Republic of Kazakhstan

T: +7 727 399 80 00

E: info@rbpartners.kz

www.rbpartners.kz

31.03.2023 ж.

Құпия түрде

Кімге: «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ басшылығына

Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы,
Рысқұлбеков көшесі, 28/7.

Біз «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның (бұдан әрі - «Қор») 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Аудиттің мақсаты Қордың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезеңдегі қаржылық есептілігіне қатысты пікір білдіру болып табылады. Аудит сондай-ақ мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзірлеу мақсатында, бірақ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатын көздемей Қордың өзінің қаржылық есептілігін дайындауына және шынайы ұсынуына байланысты ішкі бақылауды қарауды қамтиды.

Бұл хаттың мақсаты - Сіздің назарыңызды ішкі бақылау жүйесіне, бухгалтерлік есепке алуға, басқаруға және басқа да операциялық мәселелерге аудару.

Осы хатқа қосымшада біз өзіміздің стандартты аудиторлық рәсімдерімізді жүргізу кезінде атап өткен маңызды мәселелерді сипаттадық, сондай-ақ ықтимал салдарлар мен біздің ұсыныстарымызды баяндадық. Сондай-ақ, Сіздің қызығушылығыңыз болған жағдайда, осы мәселелерді Сізбен одан әрі талқылауды жалғастыруға қуаныштымыз.

Біздің аудитіміздің мақсаты Қордың қаржылық есептілігіне қатысты пікір білдіру болғандықтан, біз Қорда бар барлық елеулі кемшіліктерді анықтау міндетін өзімізге қойған жоқпыз.

Егер Сіз белгіленген мәселелерді шешу бойынша Сіз болжап отырған қадамдар туралы бізге хабарлау мүмкін деп санасаңыз, біз Сізге ризашылығымызды білдіреміз. Егер Сізге кез келген қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, біз оны ұсынуға дайынбыз.

Бұл хат аудиторлық есепке қосымша Сіздің ішкі пайдалануыңыз үшін ғана дайындалған. Осы хатта баяндалған ақпаратты біреуге ашқан жағдайда біз қандай да бір жауапкершілікте бола алмаймыз.

Осы жағдайды пайдалана отырып, Қордың персоналына аудит жүргізу кезіндегі ынтымақтастығы мен көмегі үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Құрметпен,
Аудит жөніндегі серіктес



Ш.Ш. Сартәев

Кәсіби пайымдар

Кезеңді жабу процесі/Қаржылық есептілік баптарын жіктеу

Бақылау:

Аудиторлық рәсімдерді жүргізу барысында біз Қорда аудитке арналған құжаттарды ұсыну процесі жолға қойылғанына назар аудардық. Қор қажетті құжаттаманы және ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынады.

Аудиторлар Қордың ішкі қызметін регламенттейтін құжаттарды (саясаттар мен ережелерді) қарады.

Тәуекелдер: жоқ.

Ұсыным: талап етілмейді.

Басшылықтың түсіндірмесі: талап етілмейді.